

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Түркістан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 14 желтоқсандағы № 829 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 17 бабының 5-1-тармақшасына, 69 бабының 4 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағы 10-тармақшасына, "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының филиалы - Жобаларды басқару дирекциясының өтінішіне, 2023 жылғы 01 желтоқсандағы аудандық жер комиссиясының №20/27 хаттамасының қорытындысына және жерге орналастыру жобасына сәйкес, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының филиалы - Жобаларды басқару дирекциясына Төлеби ауданы, Қаратөбе ауылдық округі Майбұлақ, Қаратөбе, Балдыберек, Төңкеріс елді мекендерінде орналасқан мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік ұйымдарға талшықты оптикалық байланыс желісін жүргізу үшін қосымша тіркелген сызбаға сәйкес 3,67 га жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте жер үсті және жер асты инженерлік электр желілерін салу және пайдалануға бөгетсіз өтуді қамтамасыз етсін.

3. "Төлеби аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Осы қаулы мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде көшірмесін Төлеби ауданы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялануға жіберілуін;

2) осы қаулы тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіде ресми жариялау және оған енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулының мемлекеттік органдардың біріңғай интернет ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Ресми жарияланғаннан кейін осы қаулы Төлеби ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуы қамтамасыз етілсін.

4. Қаулының орындалуын қадағалау, осы салаға жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасары Л.Серикбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі

Т.Телғараев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК